

"Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 6280 болып тіркелді Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 27.12.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 4 шешіміне (2018 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4915 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы*

*Петропавл қалалық
мәслихат хатшысы*

В.Витченко

А.Бердагулов

Қалалық мәслихаттың 2020 жылғы 23
сәуірдегі № 2 шешіміне қосымша
Қалалық мәслихаттың 2018 жылғы 27
тамыздағы № 4 шешіміне 1-қосымша

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жиналатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,07
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,2
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,8
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,2
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,2
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,4
6	Емханалар	1 келіп кету	0,5
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	3,7
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,2
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,3
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залдары	1 отыратын орын	0,4
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,004
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,009
14	Азық-түлік дүкендері, өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,6
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,8
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,1

18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,02
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м2	0,8
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,9
21	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,1
22	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,02
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орны	3,4
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	5,4
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0
26	Шаштағаздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,1
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,1
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	2,1
30	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,1
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	35,9
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0

* Ескертпе:

м2 - шаршы метр

м3 - текше метр.